

Хаттама №1

2021 жылдың 3 желтоқсан күні Бөдене орта мектебінде Қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті-12

Қатыспағаны-жөк

Күн тәртібінде:

1.Бөдене орта мектебі бойынша аудан әкімінің «Қайырымдылық» шыршасына қатынасатын оқушылардың тізімін шығару, («жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары және сайыс жеңімпаздары»).

Хабарламашы: А.Н.Тасимов-мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы

Хабарламашы: Г.Даутова - мектеп әлеуметтік педагогы

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы А.Н.Тасимов, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Турганова мен сынып жетекшілермен бірлесе отырып шығарылған жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларын сонымен қатар әр түрлі сайыс жеңімпаздары тізімін ұсына отырып, ішінен аудан әкімінің «Қайырымдылық» шыршасына қатынасатын оқушылардың тізімімен таныстырып өтті. Аталған оқушылар жан-жақты дайындықпен қатынастыру керектігі қаперге берілді.

Сөйлеу:

1.Л.Турганова- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

-Аудандық білім бөлімінің бұйрығына сәйкес дәстүрлі аудан әкімінің «Қайырымдылық» шыршасына біздің мектебіміз бойынша 7 оқушы қатынасады деп жоспарлануда. Аталған тізімді шығаруда мектептің сынып жетекшілер бірлестігі жиналысында талқыланып, әлеуметтік жағдайларын ескере отырып оқушының тізімі шығарылады. Атап айтсам әлеуметтік жағдайларына қарай Карина Жанель, Бисембай Айнара, Алмас Бірлік, Азаматқызы Армангүл, Балтабек Нұрасыл, Кұрмаш Азамат және Тұрым Кәусар қатынаспақ. Осы тізім таныстырылады.

2.А. Халина-сынып жетекші, комиссия мүшесі:

-Мен сынып жетекші ретінде аталған отбасыларының әлеуметтік жағдайымен жақсы таныспын. Сондықтан тізіммен толық келісемін. Олардың ата-аналары болғанмен еш жерде жұмыс жасамайды. Сондықтан да шама келсе осындай әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларына көмек көрсету керек деп ойлаймын. Осындай оқушылар әкім шыршасына қатынасса мерейлері өсіп шыңдалып, одан да жоғары деңгейде жетуіне септігін тигізері сөзсіз.

Күн тәртібінде мәселе тыңдалып, талқыланып төмендегідей қаулы қабылданды.

1.Аудан әкімінің «Қайырымдылық» шыршасына қатынасатын оқушыларды ата-аналарын таныстыру сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

2. Осы мәселенің қадағалануын мектеп әлеуметтік педагогы Г.Даутоваға міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Ш.Мерғалиева

Хатшысы:  А.Сисенғалиева